

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance .....7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер ..... 16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы ..... 25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks ..... 37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері ..... 49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоаралындағы діни топонимдер ..... 59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence» ..... 69

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі ..... 80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы ..... 90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова ..... 98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән ..... 109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality ..... 119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature..... 127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты ..... 135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау .....	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты .....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы ....	181

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту .....	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау .....	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде .....	211

Б.И. НҰРДӘУЛЕТОВА 

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан  
(e-mail: nurdauletova@mail.ru)

### \*МАҢҒЫСТАУ ТОПОАРЕАЛЫНДАҒЫ ДІНИ ТОПОНИМДЕР

**Аңдатпа.** Аймақтық мазмұндағы топонимдердің мағынасына интерпретация жасау лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды есепке алуды талап етеді. Оған жердің географиялық ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге халықтың діни танымы мен рухани құндылықтары да жатады. Сол жерді мекендеген этностың рухани және материалдық мәдениетін, тілі мен тарихын білмей, жекеленген топонимдердің этимологиясын анықтау мүмкін емес.

Маңғыстау топонимдерінің кеңістігінің біртұтас бейнесін қайта жасауда діни-танымдық, соның ішінде суфизм ілімінің ұғым-түсініктеріне негізделген киелі топонимдердің орны айрықша.

Зерттеушілер топонимдердің аталымдардың қалыптасуына тілдік факторлардан өзге сол жерді мекендеген халықтың географиялық орта туралы түсінігі, соған сәйкес шаруашылық түрлері, діни танымы, мәдениеті мен тарихы, қоғамдық идеологиясы, өмір салты т.б. тілден тыс факторлар да негіз болады дейді.

Мақаланың мақсаты – Маңғыстау топоареалында осы уақытқа дейін өзінің рухани мәнін жоғалтпаған сопылық ілімінің таным-түсініктері, теориясы мен практикасы негізінде қалыптасқан діни топонимдерге талдау жасау. Орыс, ағылшын тіл білімінде діни топонимдер топонимикалық, этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық бағытта зерттелген. Қазақ тіл білімінде діни топонимдерді зерттеудің құрылымдық және когнитивті әдістері қолданылып жүр.

Зерттеу барысында діни топонимдерді зерттеудің когнитивті-матрицалық талдау әдісі бойынша, Маңғыстау діни топонимдерінің ономологиялық құрылымы матрицасының ядросы – «әулие» концептісі. оны толықтырушы шеткергі концептілер – «меншік», «құлшылық», «оқиға», «қабылдау», «статус» компоненттерімен сипатталатын «топырақ болу», «Алламен бетпе-бет», «оңашалану», «жүрек», «зікір», «білім», «сұхбат», «мұрагерлік» («иджаза»), «құбылыс» («мұғжиза») концептілері екені анықталды. Зерттеу нәтижесінде «Маңғыстау топоареалындағы діни атаулардың қалыптасуы, концептуалды құрылымы осы аймақта қалыптасқан мұсылман дінінің сопылық ілімінің таным-түсініктерімен, суфизмді таратушы тұлғалар, олар туралы этномәдени ақпараттармен тығыз байланысты» деген қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** топоареал, Маңғыстау, діни топонимдер, матрица, ядросы, концепт, жерасты мешіттері, әулие, суфизм

**Кіріспе.** Нысанды номинациялауда қоршаған орта факторы, елді мекен, тұрғын үй, құрылыс атауларында көрініс беретін материалдық фактор және халықтың сөзі арқылы топонимдер мен микротопонимдерде уәжелген наным-сенімге қатысты рухани факторлар негізгі белгі бола алады. Тілдегі әрбір белгінің бойында халықтың күнделікті

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырылатын «AP19680234 «Маңғыстау топонимдерінің мағынасына интерпретациялау» ғылыми жобасы аясында жазылды.



тұрмыс-тіршілігі мен этнографиялық, діни ерекшелігін білдіретін дерек бары әуелден белгілі: «Language signs were collected in the fund of national knowledge of national life, worldview, spiritual and cultural values, professional and social value, business abilities, skills and behavior, wisdom, worldview concepts, customs, and traditions. They represent various everyday realities, ethnographic and religious terms, etc» [1, 30].

Топонимдерді зерттеуші мамандар байырғы жер-су атауларын мәдени санада сақталған картаға теңейді: «Туған жердің, ондағы халықтық жер-су атауларының мазмұн межесінде кездесетін мәдени-тарихи әрі танымдық ақпараттық қабаттар әлі де ашымай жатқан кеніш іспетті. Байырғы жер-су, елді мекен атаулары, бір есептен, халықтың тарихи-мәдени санасында географиялық карта іспетті деуге болады. Онда, оқи білсек, физикалық географияға да, саяси-экономикалық географияға да тән ақпараттық мазмұн жатыр» [2, 129].

Сондай-ақ, аймақтық топонимдер сол жерді мекендеген тілдік ұжымның ортақ психологиялық ерекшелігіне, өзіндік ойлау бағытына, қоршаған ортаны қабылдау ортақтығына байланысты жиі қайталанып отыратын топонимдер аясында сол аймаққа тән топотұрпаттың болуымен ерекшеленеді. Топонимдер жүйесі қатаң территориялық шекті сақтайды. Территорияда орналасқан нысандардың атаулары арқылы аймақтық топонимдер бірнеше тілдің элементтерін бойына жинақтайды, тіпті ол сол жердегі қазіргі тұрғындардың тіліне, диалектілеріне қатысты болмауы да мүмкін. Топонимикалық жүйе белгілі бір ерекшеліктерімен сипатталатын топонимикалық массивтегі түрлі тілдік топонимикалық материалдарды біріктіреді [3, 77].

Шетел (нақтырақ, орыс, ағылшын, неміс) тіл білімінде діни топонимдерді зерттеуде топонимикалық, этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық зерттеу әдістері қолданылып жүргені байқалады.

Ал қазіргі қазақ тіл білімінде ономазиологияның өзге де салалары тәрізді топонимдерді зерттеу екі түрлі бағытта жүргізілуде: біріншісі – құрылымдық лингвистиканың дәстүрлі әдістерін қолданып, атаулардың лексика-семантикалық ерекшелігін, этимологиясын зерттеу, екіншісі – топономастикалық атаулардың қалыптасуына негіз болған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға концептуалды талдау жасау.

Сонымен бірге діни топонимдерді зерттеуде когнитивті лингвистика әдістерін қолдану тәжірибесі бар.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Діни топонимдердің қалыптасуының концептуалды негіздемесін зерттеген еңбегінде В.В. Алпатов топонимдік бірліктер мен олардың жүйелерінің қалыптасу үдерісін когнитивті-матрицалық талдау әдісімен зерттеуді ұсынады [4]. Сондай-ақ, ғалым топонимдердің семантикасын, пайда болу үдерісін тернарлы (үштағанды) ономасологияның құрылымы мен компоненттері арқылы зерттеудің қажеттілігін айтады [4]. Тернарлы ономасологиялық құрылым: 1. Ономасологиялық базис, осы модельдегі тірек сөз; 2. Аталым арқылы сипатталатын ономасологиялық белгі; 3. Базиске берілетін белгіні, атрибутты тағайындайтын предикат-байланыстырушы [5, 58].

Маңғыстау топареалындағы діни топонимдерді зерттеуде концептуалды талдау әдістері, когнитивті-матрица әдісі және ішінара интерпретациялау, лексика-семантикалық талдау әдістері қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ тіл білімінде діни сипатты топонимдер «діни-танымдық топонимдер» деген атаумен қарастырылса, орыс, ағылшын тіл білімінде «христиандық топонимдер», «діни топонимдер», «діни-мифологиялық мазмұнды топонимдер» түрінде топтастырылып, зерттелуде. Ресейдегі, Европадағы, Америка Құрама Штаттарындағы діни топонимдер, негізінен, қасиетті тұлға тұрған немесе оның атындағы шіркеу не монастырь, часовня орналасқан елдімекен атаулары, діни ритуал өткізетін орындар (шіркеу, монастырь, шоқындыруға арналған бұлақ), діни оқиғаларға қатысты елдімекен және сыртқы көрінісімен діни атрибуттарды еске салатын табиғаттағы ерекше нысандар (священник, монах тұрпатты немесе шіркеу қоңырауына ұқсас тау, төбе, жартастар) атаулары түрінде болып келеді. Мысалы, Солтүстік-батыс Германиядағы



Herwelink-Heribert әулиенің есімімен байланысты, Viting(hof) – Vitus әулиенің есімімен байланысты, Pentling–Pantaleon әулиенің есімімен байланысты хутор атаулары. VII ғасырда дәруіш әулие Герберт өмір сүріп, кейін сол жерде жерленгендіктен, Камбри аралы St Herbert's Island Cu («әулие Герберт аралы») аталған. Gospel Hill Derb (Gospel сөзі «Евангелие» мағынасында) жазықтығы осы жерде жылсайынғы «шекараларға жету» діни ритуалы кезінде «Евангелие» оқылатын болғандықтан, осылай аталған. Ұлыбританияда бірқатар ортағасырлық топонимдер жер телімі, жазықтық сөздерінің шырақ, шам, нан, қоңырау, арқан, мұнарадағы сағат т.б. тәрізді шіркеудегі құлшылық кезінде қолданылатын зат атауларымен тіркесуінен жасалған. Оған себеп, шіркеудің жерін жалға алушылар шіркеудегі ғибадатшыларға шырақ, шам, май, нан, шарап т.б. әкеліп тұруды міндетіне алған [6, 93].

В.В. Алпатов діни топонимдердің ономасологиялық базисі – «орын» концептісі, ал белгісі – «дін» фреймі деп көрсетеді, ал «орын» концептісі мен «дін» фреймін байланыстырушы предикат ретінде уәждік белгілердің бірнеше түрлерін атайды, олар: тұрақты кеңістік: орынның адам тұрағына жақын болуы; сәттік кеңістік: орынның осында болып жатқан оқиғаға жақындығы; мистикалық: орынның рухани тұлғалармен, құбылыстармен байланысы; құлшылық: Шіркеу қызметкерлері адамзатқа арнап дұға жасау үшін шіркеу территориясынан арнайы орын бөлінеді т.б. [6, 94].

Когнитивті матрица әдісін қолданып, Маңғыстау діни топонимдерінің қалыптасу ерекшеліктеріне концептуалды талдау жасап көрейік. «Ерекшеліктері» деген сөзді қолданған себебіміз, аталған өңірдегі діни атаулардың қалыптасуы, концептуалды құрылымы осы аймақта қалыптасқан мұсылман дінінің сопылық ілімнің таным-түсініктерімен, суфизмді таратушы тұлғалар, олар туралы этномәдени ақпараттармен тығыз байланысты. Сопылық мазмұндағы топонимдер белгілі бір кеңістік пен уақыттың ішіндегі ономастикалық жүйелі құрылым болып табылады.

Зерттеуші Н.С. Джамбинованың топонимдердің қатаң территориялық шекпен сипатталатыны туралы пікірін қолдай отырып, Маңғыстау аймағында ономасологияның концептуалды негіздемесі бар, өзіндік ерекшелігімен сипатталатын топоареал қалыптасқандығын айта аламыз [3].

С. Қондыбай Маңғыстау мен Үстірттегі киелі жер атауларын суфизм ілімін насихаттап, таратушы «әулиелік реалиймен» байланыстырды. Ғалым XIV ғасырдың басында Қаратау-Нұратау аймағында қалыптасқан иасауилік-сопылық орталықтың ықпалымен XIV ғасырдың ортасында Батыс Қазақстанда тағы бір иасауилік реалдың пайда болғандығын жазды [7, 31-33].

Сондай-ақ: «1300 ж. Түркістан-Нұратау аймағында шоғырланған сопылық топтардың (діни ордендердің) бір бөлігі Өзбекханның Алтын Ордадағы жаппай исламдандыру саясатына сай еркіндікті пайдаланып, Батыс Қазақстанға ағылған. Олар өздерінің келген жеріндегі діни-ұйымдық атауларын ала келген... Түркістан аймағындағы Қошқар-ата мен Маңғыстаулық Қошқар-ата, Байғанин ауданындағы Қошқар-аталар арасында, түркістандық Шопан-ата мен Маңғыстаулық Шопан-ата, түркістандық Шақпақ-ата мен маңғыстаулық Шақпақ-ата, түркістандық Баба Түкті Шашты аналар, Түкті аталар мен Ақтөбелік Алып ана, Түкті аталар арасында да осындай «әулиелік экспорт» болған сыңайлы» [7, 31-33], – дейді. Сөйтіп, біз Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдердің қалыптасуының концептуалды негіздемесін осы өңірде тарихи-рухани маңызға ие болған суфизм ілімімен байланыстырамыз.

**Нәтижелер.** Діни топонимдерді зерттеудің когнитивті–матрицалық талдау әдісі бойынша, Маңғыстау діни топонимдерінің ономасологиялық құрылымы матрицасының ядросы – «әулие» концептісі. Әулие сөзіне «Исламдық діни терминдер сөздігінде»: «Арабтың «уәли» сөзінің көпше түрі: 1) Достар; 2) Аллатағаланың сүйген құлдары, рухани кемелденген тұлғалар; Аллатағаланы естен шығармай, зікір еткендер» [8], «Діни терминдер сөздігінде»: «бұл сөздің астарында өзінің тақуалығымен, барлық діни міндеттерін мүлтіксіз орындауымен және мұнан да басқа көптеген игі істерді атқаруымен ерекшеленетін адам

меңзеледі. Бұл сөз араб тілінің үш түбірлі (уау, лом және йә) сөзінен тұрады. Осы түбірден туындаған өзге етістіктер де «жақын болу», «басқару», «дос пейілді қатынас ұстану», «көмек қолын созу» т.б. мағыналарды білдіреді. «Уәли» аталатын адам үнемі Аллаға ғибадат етіп, Оған бойсұнудан шет қалмайды және Оған бағынбаушылыққа жол бермейді» [9], – деген түсініктер берілген. Ал «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» уәли сөзінің қазақ тілінің батыс говорында: «білгіш, шешен, білімді, жан-жақты хабары бар адам» [10], – деген ұғымда қолданылатыны көрсетілген. Берілген анықтамалардан әулиенің «Алланың сүйген құлы», «тақуа», «дос», «ғұлама» деген негізгі сипаты шығады.

Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдерді шартты түрде діни мазмұнды және діни ұғымдарға қатысты топонимдер деп екіге бөліп қарастырдық. Оның біріншісіне Сұлтан үпі, Қаңға баба, Шопан ата, Темір баба, Қапам ата, Бекет Ата, Дәніспан ата сияқты суфизм ілімінің басты тұлғаларымен аталатын және осы тұлғаларға қатысты діни танымдармен түсіндірілетін мешіт, медресе, жерлеу орындарының атаулары, сондай-ақ, Қостам, Үштам, Қарамола, Балаүйік, Үшоба, Қожакүмбет, Көкүмбет, Қарауылкүмбет т.б. сияқты есімі белгісіз тұлғаның жерлеу орнына қатысты қасиетті, киелі нысан (мола, там, оба, үйік, қамал, күмбез) атаулары жатады. Екіншісіне нақты діни тұлғаларға меншіктелмейтін, діни ритуалдарды танытпайтын нысан атауларына діни түсініктерге қатысты сөздер тіркескен Дуананың тақыры, Дуаналы құлама (шығанақ), Қарагөздің бұлағы, Шайтан күп, Намаз сияқты тақыр, құм, бұлақ, тау, төбе, сай, күп, тұран («табиғи су жиналатын жер») атауларын жатқызамыз. Маңғыстауда мешіт-медреселер, әулие жерленген қорымдар, тіпті кімдер жерленгені белгісіз ескі там, күмбез, үйік, обалар киелі орын саналады, бір сөзбен барлығы «әулиенің басы, әулие» деп аталады. Ал Маңғыстаудағы діни топонимдердің негізгі бөлігін құрайтын мешіт-медресе (діни білім беретін орын) атауларында жеке тұлғаның есіміне (Қаңға, Дәніспан, Шопан, Шақпақ, Сұлтан, Темір, Бекет т.б.) оның ғылыми статусын білдіретін баба, ата, епе/үпі («пері», Сұлтан үпі – су перісі), әулие, ишан, әжі/қажы, қожа, сопы сияқты діни атаулар тіркесіп келеді.

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Өтес темір жол бекетіне таяу, Ешкіқырған қорымынан 28 км қашықтықта Уәлі аталатын ескі қамал және құдық, көне қорым бар. Біздің ойымызша, Уәлі атауы да «уәли» сөзінен шыққан.

Қаңға, Дәніспан, Шопан, Шақпақ, Сұлтан, Темір атаулары тұлғаның өз есімі емес, оның сопылықтағы лақап аты болуы да мүмкін. Шопан ата – қойдың пірі, шын аты Мұса болған. Шақпақ ата – Шақруқұлы Шахмардан, тырнақтарынан от шығаратын қасиетіне байланысты Шақпақ ата аталған. Аңыз бойынша, Қапам деген Шопан атаның немересі, Шақпақ атаның ағасы, шын есімі Қаба Әли екен. Халық Қапам ата атандырғын. Қаңға – түпкі нұсқасы қола дәуірінде қалыптасып, кейін сақ қауымдастығына тән болған, кейін ғана қаңлы, қаңғар, қаңғалас т.б. атауларымен тарих бетіне жеке шыққан атау. Қаңлылар Сырдария мен Ертіс, Еділ арасындағы далалық өлкені жайлаған. «Авестада» Сыр бойына қатысты Канға (Канка) атауы кездессе, солтүстік аймақтарда қаңлының әр түрлі топтарын (қанжығалы, қанғалас), ал Маңғыстаудан Қаңға баба қорымын көреміз [11]. Сонда Қаңға – тұлғаның шыққан тегін, мекенін білдіретін немесе оның сопылық сипатына байланысты таңылған лақап аты болуы мүмкін.

Матрицаның ядросы «Әулие» концептісі десек, оны толықтыратын сипаттарының бірі – «мекен» концептісі. «Маңғыстауды мекендеген 360 әулие» туралы тұрақты таным қалыптасқан. Ол ауызекі және поэтикалық тілдегі «360 әулиелі Маңғыстау», «Маңғыстау – машайықтың басқан жері» прецедентті оралымдарынан да көрінеді. Яғни «Маңғыстау – әулиелер мекені» фреймі «әулие» және «мекен» концептілерін байланыстырушы шеткергі предикат – белгі. Осы фреймді толықтыратын ұғым, түсінік, зат, нысан атаулары бар. Маңғыстаудағы жерасты, жерүсті мешіттері, әулие жатқан жерлеу орындары, там, мола, обалар, үйіктер туралы түсініктер – әулиенің «Алланың сүйген құлы», «тақуа», «дос», «ғұлама», – деген негізгі сипатын толықтыратын компоненттер. Маңғыстау мен Үстірттегі адам аяғы баса бермейтін қия жартастарды ойып немесе жерден үңгіп жасалған жерасты мешіттері ортағасырдағы сопылық ханакалардың ерекше формасы болу керек. Себебі

Маңғыстаудағы жерасты мешіттері тек құлшылық ету не бала оқытуға арналған орын ғана емес, олардың бастапқы қызметі суфизм ілімін таратушы машайықтар мен дәруіштердің рухани миссиясымен тығыз байланысты болды. Жерасты мешіттерінің құрылымында құлшылық орындары: намаз оқитын, зікір салатын орындар, хилует (шілхана), дәрісхана, қабырхана, ауласында су жинайтын күптер, адам емдейтін орын (шипалы бұлақ, қасиетті ағаш т.б.), ұстаз бен шәкірттерге арналған бөлмелер, шаруашылық бөлмелері болады. Шырағдан қоятын орын, кітап сөрелері жардан ойып жасалынған. Суфизм ілімінің когнитивті құрылымындағы «топырақ болу», «Алламен бетпе-бет», «оңашалану», «жүрек», «зікір», «білім», «сұхбат», «мұрагерлік» («иджаза»), «құбылыс» («мұғжиза») концептілерінің заттық атрибуттары - қылует, зікірхана, шырағдан қоятын орын, кітап сөресі, аса таяқ, шипалы бұлақ, ұстаздың қабірі Маңғыстау жерасты мешіттерінде толығымен сақталған.

Нақты тұлға есімімен байланысты қалыптасқан діни топонимдердің құрылымында «мекен» концептісі «әулие» фреймінің аясындағы «меншік», «құлшылық», «оқиға», «қабылдау», «статус» компоненттерімен сипатталады. Қаңға баба, Шопан ата, Бекет ата, Темір баба т.б. қасиетті тұлғалар, әулиелер ұстаз лақтырған асатаяқтың ізімен Маңғыстауға келген, асатаяқ түскен жерді тауып, асатаяқты суырып, сол жерді мекендеген және сол жердің иесіне айналған. Аталған қасиетті тұлғалар жерасты мешіттерін жартастан ойып, үңгіп салғаны, шәкірттерді қабылдап, дін жолын үйреткені т.б. оқиғалары ел жадында сақталған. Нысандардың атауына осы оқиғалар негізгі себеп болған. Аталымға қатысушы үпі, баба, ата, әулие, ишан, қажы (әжі), ахун, қожа, сұпы компоненттері қасиетті тұлғаның статусын, діни дәрежесін, титулын білдіреді.

Нақты тұлғаның есіміне қатысты емес, бірақ діни оқиғалар мен ритуалдарға байланысты қалыптасқан діни топонимдердің концептуалды құрылымында «әулие» концептісінің компоненттері бар, бірақ «меншіктілік» сипаты болмауы мүмкін. Мысалы, Қалың арбат – Маңғыстау облысындағы ескі жерлеу орны. Қалың және арбат сөздерінің бірігуінен жасалған. Арбат – арабтың рабат «қорған, бекініс» мағынасындағы сөзі. Қалың бұл жерде «көп» мағынасында қолданылған (қалың әскер деген сияқты). Сыртқы формасында «әулие» фрейміне қатысы жоқ сияқты. Бірақ қорғанның тарихи уәждемесі осы аталымның діни сипатын айқындайды. Ағылшын шығыстанушысы Дж.С. Тримингэм «Исламдағы сопылық ордендердің қалыптасуы» (ағылшын тілінен орысшаға аударған О.К. Акимешкин) атты еңбегінде суфизм орденінің қалыптасуында ханака институтының атқарған рөлі туралы баяндайды. Еңбекте суфизм миссионерлерінің Орта Азия, Индия т.б. елдерінің шекарасына салған рабаттары (қорғаныс, бекіністері) кейін құлшылық ритуалдар орындайтын ханакаларға айналғаны айтылған. Тримингэмнің көрсетуі бойынша, рабаттар мұсылман еместердің ортасындағы исламдық ошақтарға айналып, соған қоса, бақылау, қорғаныс бекеттерінің де рөлін атқарды, ал гарнизон мүшелері исламның белсенді насихатшылары болған [12, 27]. Маңғыстау жеріндегі Қалыңарбат, Көбрабат жерлеу орындарының киелілік сипаты суфизммен байланысты екені анық.

Қапамсай – Маңғыстау облысы Бозашы түбегіндегі Қияқты аулынан 4 км жердегі сай, сайдың ернеуінде Қапам ата бейіті, сай жарқабағында Қапам ата жартасты мешіті бар. Қапам және сай сөздерінің тіркесуінен жасалған. Қапам – кісі аты, сай – жер бедері. Аңыз бойынша, Қапам деген Шопан атаның немересі, Шақпақ атаның ағасы, шын есімі Қаба Әли екен. Діндар, қасиетті адам болған, сайдың жарқабағынан ойып, мешіт салып, бала оқытқан. Өкшесі жерге тиіп тұрғанда, атса – оқ, шапса, қылыш өтпейтін қасиеті болыпты-мыс. Намаз оқығанда, өкшесі жерден сәл көтеріледі екен. Жаулары осы сәтті аңдып жүріп, басын шапқан. Қапам ата басын етегіне салып, қия құзға жүгіргенде, басы етекке домалап кетіп, өзі қия жартас үстінде жан тапсырған. Сөйтіп, әулиенің басы мен денесі екі жерде жерленген. Қапамсай топонимінің қалыптасуына сайдың Қапам атаның мешітіне және қабіріне жақын орналасуы негіз болып тұр. Сай сөзінің семантикасында «дін» фрейміне, «әулие» концептісіне қатысты белгі – предикат жоқ, бірақ киелі жерге территориялық

«көршілік» және «оқиға» сипаттамасы бар. Қапамсай – Қапам әулиенің есіміне қатысты сай атауы.

Тернарлы (үштағанды) ономасологиялық құрылым бойынша, жоғарыдағы аталымдардың екінші сыңарлары (мешіті, қорымы) базис болса, бірінші сыңарлары – Қаңға баба, Шопан ата, Шақпақ ата, Қалипан әулие, Қос, Үш, Қыз, Бала – базисті сипаттауға қатысатын белгілері. Бұл белгілер орынның (қорым, мешіт) локациясын, меншіктілігін, шекарасын, қатысты оқиғасын, сандық белгісін т.б. кеңістік пен уақытқа қатысты сипаттарын көрсетеді.

Діни топонимдердің ономасологиялық құрылымындағы «мекен» концептісінің негізгі компоненттері – мешіт, медресе, қорым т.б. болса, «көшірме» компоненттері – діни атауларға қатысты тау, төбе, сай, құм, тақыр, күп, тұран атаулары. «Көшірме» аталатын себебі, бұл орындардың діни атрибуттарға ие болуы шартты түрде. Себебі мешіт, медресе, қорымдар мұсылман дінін насихаттайтын, үйрететін, зікір, құлшылық, зияраттау, әулиеге сиыну, жерлеу сияқты ритуалдар өткізуге арналған тікелей діни-танымдақ нысандар болса, тау, төбе, құм, сай т.б. топонимдік нысандар діни қызметке арналмаған, олардың «әулие» концептісіне қатысы жанама түрде.

Мысалы, Маңғыстауда Дуананың тақыры деген жер атауы бар. Дуана және тақыр сөзінің тіркесінен жасалған. Дуана – парсының «диуана» (الدوانه) «есалаң, жынды» мағынасындағы сөзі [13]. Орта ғасырларда дүнияуи тірліктен баз кешіп, сопылық жолға түскен, аса таяқ ұстап, ел кезген адамдарды диуана деп атаған. Ауызекі тілде (Маңғыстау говорында) диуана тұлғасы дуана түрінде айтылады. Тақыр – бастапқы тұлғасы парсының таһәр «тап-таза, «бұзылмаған» мағынасындағы сөзінен шыққан, қазір «шөп шықпайтын жер», «шашы жоқ бас» мағынасында жұмсалады. «Дуананың тақыры», – деп аталуы бұл жердің киелілігін білдірсе керек. Дуананың тақырына жақын жерде Асалы Көкетай деген мола бар. Ел аузындағы әңгіме бойынша, аса таяғымен жүретін Көкетай деген диуана-сопы сол жерде қайтыс болып, жерленген. Елтеже – Маңғыстау облысы Үстірттегі құмды массив. Көне түркілік елт және еже – тұлғаларының бірігуінен жасалған. Сөздіктерде елт – туынды тұлғасының (ел+т) көне және жаңа түркі тілдеріндегі мағыналары берілген. Соның ішінен біз «өзіне ерту, басын айналдыру, тарту, алып кету» мағынасын таңдаймыз. Еже – түркі тілдерінде және олардың диалектілерінде «шеше», «жасы үлкен қыз туысы», «немере апасы», «орта жастағы әйел адам» т.б. мағыналарында кездеседі. Маңғыстауда шеше мағынасында жеже сөзі қолданылады. Біздің ойымызша, елтеже – «бақсы әйел» деген мағынаны береді, аталған орынның киелілігін танытады.

Олай болса, тақыр, құм тікелей діни сипаттағы орындар емес, бірақ діни оқиғаға қатысты болғандықтан солай аталған. Шопан ата жерасты мешіті, Бекет ата жерасты мешіті деген атаулар сияқты орынның меншіктілік, локация, шекара сияқты белгілері жоқ, оқиғаға қатыстылық сипатымен ғана анықталады.

Намаз топонимінің концептуалды құрылымында бір ғана «құлшылық» концептісі, «оқиға» немесе «сыртқы түр» сияқты сипаттар болуы мүмкін. Себебі топонимнің уәждік мазмұнына қатысты (кім намаз оқыған, қалай оқыған, не себепті осы жерге оқыған? деген сұрақтардың жауабы ел жадында сақталмаған) қосымша деректер жоқ.

Діни топонимдер жасауға қатысатын лексикалық компоненттер кейде қасиетті тұлғаларға қатысты болмауы, тіпті жын-шайтан сияқты жаман рух иелерінің атауларымен байланысты болуы да мүмкін. Мысалы, Маңғыстау облысында кездесетін Шайтанкүп топониміндегі күп сөзі – шөлді аймақтарда жауын-шашынның суы жиналатын, асты саз не тасты болып келетін тұйық, ояң жерді білдірсе, шайтан – «адамды аздырушы, жауыз» бейнесіндегі тылсым субъект. Тіліміздегі Шайтанкөл, Шайтанкүп – адамдарға жағымсыз не тылсым, үрейлі сезім тудыратын нысандарға берілген атаулар.

**Қорытынды.** Маңғыстау діни топонимдерінің қалыптасу уәжі мен концептуалды негіздемесіне талдау жасау барысында төмендегі мәселелер анықталды.

Маңғыстау аймағында діни топонимдерді қалыптастыруға негіз болған суфизм ілімінің тарихи ареалы болған. Бұл ареал Қазақстанның өзге де өңірлеріндегі суфизмнің



рухани атрибуттары сақталған топоаралмен байланысты. Оған Шопан ата, Шақпақ ата, Қошқар ата тәрізді киелі нысандардың қайталанып келуі дәлел бола алады.

Зерттеу барысында Маңғыстау аймағындағы діни топонимдердің басым көпшілігі суфизм ілімінің басты тұлғаларының есімімен байланысты киелі нысандар (жерасты, жерүсті мешіттері), жерлеу орындары (мола, там, оба, үйік, күмбез, мазар), киелі нысандарға жақын орналасқан немесе киелілік оқиғасы өткен географиялық нысандар (бұлақ, тау, төбе, сай, құм, тақыр т.б.) түрінде қалыптасқаны белгілі болды.

Діни топонимдердің концептуалды негіздемесін анықтауда орыс және ағылшын тілдеріндегі зерттеу әдістері қолданылды.

Діни топонимдерді зерттеудің когнитивті-матрицалық талдау әдісі бойынша «орын» концептісі «дін» фреймінің аясындағы «меншік», «құлшылық», «оқиға», «қабылдау», «статус» компоненттерімен сипатталады және діни топонимдердің концептуалды матрицасының ядросы болып табылады.

Тернарлы ономасологиялық құрылым бойынша, мешіт, медресе, қорым, там, мола, үйік, оба – «орын» концептісінің базисі десек, «дін» концептісі базистің сипатын көрсететін белгісі болады. Базис пен белгіні (өз кезегінде ол – қондырма) байланыстырушы предикат бар, атап айтқанда, мыналар – дүниәуи өмірден оңашалану, жалғыздықта Алламен бетпелбет қалу (хилует), Алланы еске алып, зікір салу, ораза ұстап, нәпсімен күресу (джихад), жолаушы мүсәпірлерге баспана болу, жер шарының түкпір-түкпірінен сопылардың бас қосып, рухани жиын өткізуі (хадарат), мүршид пен мүридтердің арақатынасы (сұхбат, ант беру, иджаза, адаб), бас ұстаздың қабіріне зиярат ету т.б.

Діни топонимдердің когнитивті құрылымында «мекен» концептісінің мазмұнын толықтыратын «әулие» фреймі. Егер «әулие» фреймін матрица ретінде қарастырсақ, оны толықтыратын негізгі концепт – «құлшылық». «Құлшылық» концептісін бір-бірімен иерархиялы түрде жалғасатын «жүректі тазалау», «нәпсімен күрес», «зікір салу», «оңашалану», «әулиеге сиыну», «Алламен қауышу» т.б. микро концептілер толықтырады. «Әулие» фреймі абстрактілі ұғымдардан тұрады. Оның бір сипаты – киелілік. Сол сияқты діни топонимдердің ономасологиялық құрылымында «мекен» концептісіне киелілік сипат беретін атрибуттар (предикат белгі) да бар. Мысалы, жерасты мешіттерінің киелілік сипатының басты атрибуты – осы орынның иесі – киелі тұлғаның (үпі, баба, ата, әулие, ахун, ишан, әжі) өзінің немесе оның жақын туыстарының, кейінгі шәкірттерінің, басқа да әулие, қасиетті адамдардың жерленген қабірінің болуы (Шопан ата, Бекет ата жерасты мешіттері). Жерасты мешіттерінің әулиелі қорымдардың жанында қасиетті, суы шипалы бұлақтардың, құдықтардың, емге арналған тұзды көлдердің болуы. Мысалы, Шопан атаның, Сұлтан үпінің, Бекет атаның, Қаңға бабаның бұлақтары мен құдықтарының суын, Шопан атаның тұзды көлін зияраттап келуші адамдар емдік мақсатта пайдаланады. Киелі нысанның жанында қасиетті ағаштың болуы (өмір ағашының символы). Мысалы, Шопан ата жерасты мешітіне зияраттаушылар киелі ағашты 3 рет айналып, тілектерін айтады.

## Әдебиеттер

1. Bekeyeva N., Bissengali A., Mankeyeva Z., & Nurdauletova B. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. *International Journal of Society, Culture & Language*, 9/2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), 2021. 29-40. SCOPUS
2. Рысбергелі Қ.Қ., Уәли Н.М. Халықтық топонимдердегі ақ және қара түстердің мәдени тілдік семантикасы. *Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы*. – Астана, 2023. №4/2023. 128-142. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.10>
3. Джамбинова Н.С. Духовно-религиозные топонимы калмыкии: семантический и структурно - словообразовательный аспекты. <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovno-religioznye-toponimy-kalmykii-semanticheskii-i-strukturno-slovoobrazovatelnyy-aspekty/viewer>
4. Алпатов В.В. Концептуальные основы формирования религиозных топонимов Вопросы когнитивной лингвистики. Выпуск 1, 2007. 86-95 стр.

5. Кислухина М.В. Ономазиологическая структура терминов сельскохозяйственной и почвенной микробиологии (на материале английского, украинского и русского языков). Ученые записки Таврического национального университета имени В.И. Вернадского Серия «Филология. Социальные коммуникации», Том 27 (66). № 1. Ч.2 – С. 57-63

6. Алпатов В.В. Концептуальные основы формирования английских христианских топонимов. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Тамбов – 2007.

7. Қондыбай С. Есен – Қазақ. – Алматы: Үшқиян, 2002. – 349 б.

8. Исламдық терминдер сөздігі /Құраст: М. Исахан, М. Муслимов, С. Көкенай, Б. Сыддықов. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.

9. Діни терминдер сөздігі. Мухитдинов Р.С. – Алматы: 2012. – 140 бет.

10. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 бет

11. Артықбаев Ж.О., Нұрдәулетова Б.И., Аймұхамбет Ж. Ә., Төлегенұлы Б., Моллақанағатұлы С., Құлбаев Н., Спарабайқызы Ш., Шохаев М. Маңғыстаудағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі: монография/ – Астана: 2022. – 336 б.

12. Тримингэм Дж. С. Суфийские ордена в исламе. М.: Наука, 1989. – 326.

13. Н. Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: 1974. – 382 б.

### Б.И. НУРДАУЛЕТОВА

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,  
Актау, Казахстан

### РЕЛИГИОЗНЫЕ ТОПОНИМЫ В ТОПОАРЕАЛЕ МАНГИСТАУ

**Аннотация.** Интерпретация значения топонимов регионального содержания требует учета лингвистических и экстралингвистических факторов. Оно включает в себя не только географические особенности земли, но и религиозные знания и духовные ценности народа. Невозможно определить этимологию отдельных топонимов, не зная духовной и материальной культуры, языка и истории населяющего это место этноса.

Особое место в воссоздании единого образа топонимического пространства Мангистау занимают сакральные топонимы, основанные на религиозно-познавательных концепциях, в том числе суфизме.

Помимо лингвистических факторов, исследователи полагают, что на формирование топонимических названий влияют представления о географической среде проживания народа, проживающего в данном месте, согласно ей, типы хозяйства, религиозные знания, культура и история, социальная идеология, образ жизни и т.д. Говорят, что в основе лежат и неязыковые факторы.

Цель статьи – проанализировать религиозные топонимы, сформировавшиеся в топографической области Мангистау на основе знаний, теории и практики суфийского учения, не утратившего своего духовного смысла до сих пор. В русском и английском языкознании религиозные топонимы изучаются в топонимическом, этнолингвистическом и лингвистическом направлениях. В казахском языкознании используются структурно-когнитивные методы изучения религиозных топонимов.

В ходе исследования ядром матрицы ономазиологической структуры религиозных топонимов Мангистау является концепт «святой» согласно методу когнитивно-матричного анализа изучения религиозных топонимов. дополняющие его периферийные понятия – «бытие почвой», «лицом к лицу с Богом», «уединение», «сердце», «зикр», характеризующиеся компонентами «собственность», «поклонение», «событие», «принятие», «статус», определены понятия «знание», «разговор», «наследство» («иджаза»), «феномен» («чудо»).

Сделан вывод, что «формирование и концептуальная структура религиозных названий в Мангистауской топографической области тесно связаны со знанием суфийского учения о мусульманской религии, сформировавшегося в этом регионе, людей, распространявших суфизм, и этнокультурной информации о них».

**Ключевые слова:** Топореал, Мангистау, религиозные топонимы, матрица, ядро, концепция, подземные мечети, святой, суфизм.

**B. I. NURDAULETOVA**

Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov,  
Aktau, Kazakhstan.

## RELIGIOUS TOPONYMS IN THE MANGISTAU TOPOAREAL

**Annotation.** Interpretation of the meaning of toponyms with regional content requires taking into account linguistic and extralinguistic factors. It includes not only the geographical features of the land, but also the religious knowledge and spiritual values of the people. It is impossible to determine the etymology of individual toponyms without knowing the spiritual and material culture, language and history of the ethnic group inhabiting this place.

A special place in recreating a single image of the toponymic space of Mangistau is occupied by sacred toponyms based on religious and cognitive concepts, including Sufism.

A special place in recreating a single image of the toponymic space of Mangistau is occupied by sacred toponyms based on religious and cognitive concepts, including Sufism.

The purpose of the article is to analyze religious toponyms formed in the topographical region of Mangistau on the basis of knowledge, theory and practice of Sufi teachings, which have not lost their spiritual meaning to this day. In Russian and English linguistics, religious toponyms are studied in toponymic, ethnolinguistic and linguistic directions. Kazakh linguistics uses structural-cognitive methods for studying religious toponyms.

During the study, the core of the matrix of the onomasological structure of religious toponyms in Mangistau is the concept of "saint" according to the method of cognitive matrix analysis of the study of religious toponyms. peripheral concepts complementing it - "being soil", "face to face with God", "solitude", "heart", "dhikr", characterized by the components "property", "worship", "event", "acceptance", "status", the concepts of "knowledge", "conversation", "inheritance" ("ijazah"), "phenomenon" ("miracle") are defined.

It is concluded that "the formation and conceptual structure of religious names in the Mangistau topographic region are closely related to the knowledge of the Sufi teachings about the Muslim religion that formed in this region, the people who spread Sufism, and ethnocultural information about them."

**Keywords:** Toporeal, Mangistau, religious toponyms, matrix, core, concept, underground mosques, saint, Sufism.

## References

1. Bekeyeva N., Bissengali A., Mankeyeva Z., & Nurdauletova, B. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. *International Journal of Society, Culture & Language*, 9/2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), 2021. 29-40. SCOPUS
2. Rysbergen Q.Q., Uali N.M. Halyqtyq toponimderdegi aq zhane qara tusterdin madeni tildik semantikasy. *Euraziya gumanitarlyq institutynyn Habarshysy*. – Astana, 2023. №4/2023. 128-142 . DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.10>
3. Dzhambinova N. S. Duhovno-religioznye toponimy kalmykii: semanticheskij i strukturno-slovoobrazovatel'nyj aspekty. *El. resurs. Silteme: <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovno-religioznye-toponimy-kalmykii-semanticheskij-i-strukturno-slovoobrazovatelnyj-aspekty/viewer>*
4. Alpatov V.V. Konceptual'nye osnovy formirovaniya religioznych toponimov *Voprosy kognitivnoj lingvistiki*. Vypusk 1, 2007. 86-95 s.
5. Kisluhina M.V. Onomasiologicheskaya struktura terminov sel'skohozyajstvennoj i pochvennoj mikrobiologii (na materiale anglijskogo, ukrainskogo i russkogo yazykov). *Uchenye zapiski Tavricheskogo nacional'nogo universiteta im. V.I. Vernadskogo Seriya «Filologiya. Social'nye kommunikacii»*, Tom 27 (66). № 1. Ch.2 – S. 57-63



6. Alpatov V.V. Konceptual'nye osnovy formirovaniya anglijskih hristianskih toponimov. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk. –Tambo: – 2007.
7. Qondybai S. Yessen-Qazaq. – Almaty: Ushqiyay, 2002. – 349 b.
8. Islamdyq terminder sozdigi /Qurast.: M. Isahan, M. Muslimov, S. Kokenai, B. Syddyqov. – Astana: Din maseleleri zhonindegi gylymi-zertteu zhane taldau ortalygy, 2015. – 60 b.
9. Dini terminder sozdigi. Muhitdinov R.S. – Almaty: 2012. – 140 bet.
10. Qazaq tilinin aimaqtyq sozdigi /Qurast. G.Qaliev, O.Naqysbekov, Sh.Sarybaev, A.Yderbaev zhane t.b. – Almaty: «Arys» baspasy, 2005. – 824 bet
11. Artyqbaev Zh.O., Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A., Tolegenuly B., Mollaqaqatuly S., Qulbaev N., Saparbaiqyzy Sh., Shohayev M. Mangystaudagy sakraldy matinderdin konceptualdy kenistigi: monografiya. / – Astana: 2022. – 336 .
12. Trimingem Dzh. S. Sufijskie ordena v islame. M.: Nauka, 1989. – 326.
13. Ondasynov N. Parsysha-qazaqsha sozdik. Almaty: 1974. – 382.

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Нұрдаулетова Бибайша Ильяқызы** – филология ғылымдарының докторы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан.

**Нурдаулетова Бибайша Ильясовна** – доктор филологических наук, профессор Каспийского университета технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан.

**Nurdauletova Bibaisha Iliasovna** – Doctor of philology, professor, Caspian University of technology and engineering named after Sh.Esenov, Aktau, Kazakhstan.